



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯ: КЕҢЕСКЕН ІСТЕ КЕМШІЛІК БОЛМАЙДЫ



Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасы кең көлемде талқыланып жатыр. «Заң газеті» де маңызды талқыдан шет қалмай, пікірін білдіруге, өз ойы мен ұстанымын айтуға ынталы жандарға өз мінберін ұсынып отыр. «Ақиқат таластан туады» демекші, көп болып кеңескенде ғана Ата Заң нағыз халықтық заңға айналары анық.

(Жалғасы 2-бетте)



СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Түркістан облысының прокуроры:

«ХАЛЫҚ КЕЛІП-КЕТКЕНДІ ЕМЕС, ҚИЫЛЫП ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДІ СЫЙЛАЙДЫ»



– Мұрат Әжінұрұлы, еліміздің тыныштығын қорғап, құқықбұзушылыққа тосқауыл қоюда прокуратура органына жүктемелер жауаптылық жоғары. Ал бұл жұмыстың нәтижелі болуы қадағалау шараларын қарымды ұйымдастыруға ғана емес, халықпен етене жұмыс істеп, тұрғындармен тығыз байланыс орната алуға да байланысты секілді. Сіз қалай ойлайсыз?

– Әрине, кез келген мемлекеттік қызметтің басты тұтынушысы да, сыншысы да – халық. Прокуратура органы да қандай бастаманы қолға алып, қандай іс-шараларды жүзеге асырмасын, халықпен кеңесіп, азаматтардың пікір-талабын ескере отырып жұмысын жүйелейді. Түркістан облысы прокуратурасының үнемі маңызды мәселелерді көпшілік талқысына салып, тұрғындар пікіріне құлақ түре отырып шешім қабылдайтын, жұмысын үйлестіретінін жұртшылық жақсы біледі. Алаштың ардақтысы Міржақып Дулатұлының «Зиялы қауым халықтың қамын ойлауға міндетті» деген тағылымды сөзі бар. Сол айтпақшы, әрқайсымыз халықтың ертеңі, келешегі, мүддесін ойлап, алдымызға биік мақсат қойғанда ғана ел дамиды. Түркістан прокуратурасында халықпен ашық диалог орнатып, тұрғындарды қабылдауға, азаматтардың пікір-ұсынысын көзбе-көз отырып тыңдауға мән беретініміз де сондықтан. Халықпен кездеспей, пікірін тындамай, көпшіліктің көңілінен шығатын іс жасау мүмкін емес.

– Азаматтар әлеуметтік мәселелерге байланысты жиі шағымданып, көмек сұрап жатады. Соның ішінде денсаулық сақтау саласының қызметіне көңілі толмайтындар баршылық.

– Халықтың денсаулық сақтау саласына қатысты жиі шағымданатыны рас. Бұл негізсіз де емес. «Басы аманнан – малы түгел» демекші, егер ме-

дициналық қызметке көңілі толса, азаматтар арыз жазып, көмек күтіп әбгерге түспес еді. Мысалы, облыс прокуратурасы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ филиалының қызметіне тексеру жүргізді. Тексеру барысында медициналық қызметтерге ақы төлеуде 2,2 млрд теңгеден астам қаражаттың заңсыз жұмсалғаны анықталды. Бұл үлкен қаражат. Мұндай сома мақсатты түрде жұмсалса, медицина саласындағы біраз түйткіл шешіліп, көптеген адамдардың сапалы көмек алуына мүмкіндік туар еді. Осыған орай прокурорлық қадағалау актілері енгізіліп, заңсыз төленген қаражатты қайтару шаралары қабылданды.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласына тұрақты көңіл бөліп, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру үшін қаржылық қолдауды аяған емес. «Бір адамның өмірін құтқару барша адамзатты құтқарумен бірдей» деген Президент дәрігерлердің де әлеуметтік мәселелерін дер кезінде шешіп келеді. Ал осындай қамқорлықты көре тұра, мемлекеттен бөлінген қаржыны талан-таражға салатын, жеке басына жұмсайтындар халықтың медициналық қызметке қатысты теріс пікірін көбейтіп, жалпы саланың беделін түсіруде. Мысалы, біздің өңірде 1 627 медициналық қызмет көрсетілді деп жалған дерек енгізген «А» ЖШС стоматологиясы 12 млн теңгені заңсыз иеленген. Алаяқтық жасаған ақ халаттылар үстінен ҚК-нің 190-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Сондай-ақ өңірдегі екі клиниканың стоматология бойынша 203 млн теңгені қосып жазу фактісі анықталған.

Бұдан бөлек, лицензиясыз медициналық қызмет көрсеткен «Ө» ЖШС 91 млн теңгені иеленген. Заңсыз кәсіпкерлік үшін олар енді ҚК-нің 214-бабы бойынша жауапқа тартылатын болады.

(Жалғасы 5-бетте)

ПІКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ

Қазақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты (ШМБ) құқық бұзушыларды түзеуге ынталандыру, түзеу мекемелерінде заңдылық пен тәртіпті сақтау және қылмыстардың қайталануына жол бермеу мақсатын көздейтін негізгі қылмыстық-құқықтық институт болып табылады. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың маңызы сотталған адамның түзелгенін көрсетіп, қылмыстық заңнама талаптарына сай келген жағдайда, белгіленген мерзім аяқталғанға дейін қылмыстық жазаны одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын босатудан көрінеді.

Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының бұрынғы төрағасы,
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда Қазақстанда шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты кеңінен қолданылады. Ресми деректерге сәйкес, 2024 жылы соттар түрмеде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға қатысты 12 445 өтінішін қараған, оның ішінде 4 642 (37,3%) өтініш қанағаттандырылып, ал 7 803 өтініш қабылданбады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты қылмыстық саясатты ізгілендірудің және сотталғандарды түзелуге ынталандырудың оңтайлы құралы болып саналғанымен, оны тәжірибе барысында қолдануда бірқатар жүйелі мәселелердің бар екені байқалып отыр. Бұл аталмыш институттың тиімділігін кемітіп, алдын алу әлеуетін айтарлықтай төмендетеді.

Қазақстандағы шартты түрде мерзімінен бұрын босату жүйесін дамытуда бетпе-бет келетін негізгі мәселелердің бірі институттың тиімділігін бағалау бойынша қолданбалы кри-

минологиялық зерттеулердің дамымай келе жатқанымен тікелей байланысты. Соның ішінде біздің елімізде келесі мәселелер бойынша кешенді ғылыми зерттеулер жасау маңызды: шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар арасындағы қайта қылмыс жасау деңгейі мен құрылымы; материалдарды дайындау және өтініштерді сотта қарау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау; шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тиімділігін басқа қылмыстық мекемелермен және балама қылмыстық сот төрелігі шараларымен салыстыру.

Ғылыми негізделген және эмпирикалық тұрғыдан расталған деректердің болмауы қылмыстық сот төрелігі саласында шартты түрде босатуға қатысты саясаттың негізін интуитивті түрде, дәлелді криминология қағидаттарына сүйенбей қалыптасуына түрткі болуда.

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯ: КЕҢЕСКЕН ІСТЕ КЕМШІЛІК БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

МЕМЛЕКЕТ ДІННЕН БӨЛЕК ПЕ?

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия жариялаған Ата Заңымыздың алғашқы 9-бабын оқып шықтым. Осы 9-баптың өзінде ұлттық мұраттарымызға толық сәйкес келмейтін бірнеше тұжырым бар.

Оның біріншісі – мемлекеттің атына қатысты. Жобада «Біз, біртұтас Қазақстан халқы» деп жазылған. Меніңше, осыны «Біз, біртұтас қазақ халқы» деп ары қарай: «байырғы бабаларымыз бүгінгі ұрпаққа аманаттап кеткен ата қонысымызда» деп өзгерген жөн. Бұл шығу тегі, нәсілі, діни ұстанымы, қай жерде туғанына, т.б. қарамастан, ел тұрғындарының бірлігіне ұнамды ықпал етіп, әрі мемлекет құрушы ұлттың рухын көтерер еді.

Екінші, «Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы» деген тұжырымдағы «мыңжылдық» деген сөзді «көп мыңжылдық» деп өзгерту қажет. Себебі біздің ұлттық тарихымыз мың жылмен ғана шектеліп қалмауы керек. Әйтпесе, 6 мың жыл бұрын жылқыны қолға үйреткен, темірді, алтынды, басқа да металдарды өңдеу технологиясын ойлап тапқан, жазу-сызуымыз болған, қараңғы түнде жұлдызға қарап жол тапқан, жарты әлемді билеген озық ойлы жауынгер халықпыз деп мақтанышымен айттып жүргеніміздің бәрі өтірік болып шықпай ма?

Үшінші, осы кіріспенің өзінде «мемлекеттің унитарлы сипаты» деген анықтаушы сөз бар. Ал 2-баптың 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет» деп тайға таңба басқандай жазылған. Енді

осындағы «Қазақстан Республикасы» деген мемлекеттің атауы «Қазақ елі» немесе «Қазақия», тіпті болмаса «Қазақ Республикасы» деп жазылса, дұрыс болар еді. Қай нұсқа қабылданса, сәйкесінше, әрі қарай барлық баптарда солай жазылуы тиіс.

Төртінші, кіріспенің соңына қарай: «келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп» деп жазылғанындай, біз шын мәнінде сол аса жоғары жауапкершілікті сезінетін болсақ, күнделікті айттып жүргеніміздей, егемен ел, тәуелсіз мемлекет болсақ, онда қазір ешкімге жалтақтамай, Жаңа Конституция жобасының 4-бап, 1-тармағында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі – Қазақстан халқы» деген тұжырым негізінде сол халық дұрыс және қажет деп тапқан Ата Заң нұсқасын қабылдауымыз қажет.

Бесінші, жобаның 2-баптың 1-тармақшасында: «Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет» деп жазылған. Мұндағы «унитарлы» деген анықтама 9-баптың 2-тармақшасындағы: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілі мен тең қолданылады» деген тұжырыммен еш қабыспайды, ешқандай қисын жоқ, тіпті «унитарлы» деген анықтаушы ұғымның өзін жокқа шығарып жібереді.



Менің түсінігімде, унитарлы мемлекет саналатын тәуелсіз елдің Ата Заңында өзге тіл туралы ешқандай сөз жазылмауы керек. Керісінше екен, онда егемендіктің де, тәуелсіздіктің де, унитарлықтың да жазылмайтын сырқаты ұзақ жылдар бойы қала берді деген сөз. Осыз да осы кілтпананың кесірінен біз 35 жыл бойы құлдық санадан ары-

ла алмай, басқа былай тұрсын, өзге тілде сөйлейтін өз бауырларымыздың көзін ашып, рухын оята алмай келеміз.

Алтыншы, жобаның 7-бабының 1-тармағында: «Дін мемлекеттен бөлек» деп жазылған. Менің түсінігімде, қоғам дінді тұтынатындықтан, мемлекет діннен бөлек бола алмайды. Біз қанша жерден партия, партия

десек те, қоғамның дінді ұстанатын өкілдері барлық саяси партиялардың мүшелерінен анағұрлым, тіпті бірнеше есе көп және олар қоғамның негізін құрайды.

Шынтауайтына келгенде, діни ұйымдарға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арқылы мемлекет басшылық етіп отыр. Оның үстіне Құдайдан қорқатын, жүрегінде иманы

бар мүмін заңнан да қорқатыны анық. Бұл жерде қорқуды тура мағынасында емес – заңдылықты, тәртіпті сақтау, ұстану, жүгіну, құрметтеу деген мағынада түсінген дұрыс. Әйтпесе, Құдайдан қорықпаған заңнан да қорықпайды. Біздегі жемқорлық, паракорлық, әділетсіздік, әлімжеттік, зорлық-зомбылық, тамыр-таныстық, т.б. келеңсіздіктердің барлығының негізінде сол қорықпаушылық, басқаша айтқанда, заңға бағынбау, сыйламау, тәртіпті сақтамау, бір сөзбен – имансыздық жатыр. Иман деген тек діни түсінік емес, ол жоғары адамгершіліктің қайнар бұлағы деп түсінеміз өз басым.

Сондықтан адамгершілік және ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан діннің мемлекет тарапынан бақыланғаны дұрыс. Бірақ сонымен бірге біз оны қоғамды тәрбиелеу, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және Мемлекет басшысы жиі айта-тын Заң мен Тәртіп қағидаттарының сіндіруіне ең тиімді тетіктерінің бірі ретінде пайдалана білуіміз керек.

Өйткені, менің ойымша, тіл тұтастығы, дін тұтастығы болмай, жүрекке иман нұры құйылмай, санада ақыл, білім, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік болмай, ұлт тұтастығы, ұлт бірлігі деген болмайды.

Әрине, бұл тұрғыда ұлттық зандан шыққан ұлы тұлғалардың әсерінде болудан сақтандырылған өсиеттерінің ешқашан естен шығармауымыз керек. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев ағамыздың:

«Дін – ғылымның анасы,
Дін – ғылымның әкесі.
Ғылым – діннің баласы,
Дін – ғылымның көкесі.
Ғылым да бар, дін де бар,
Қоқыс та бар, құл да бар.
Қол ұстасып Құдайға,
Ғылым мен дін бірге бар»,
– деп түйгеніндей, өз басым ғылымның да, діннің де ел игілігіне, мемлекет тұтастығына, қоғамның дамуына тиімді ықпал ететіндей саясат жүргізілгенін қалаймын. Мүмкін, тек мен ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу миллиондаған отандасымыз осылай ойлайтын шығар, кім білсін?

Құтмағамбет
ҚОНЫСБАЙ,
Мәдениет қайраткері

ЖЕР МЕН ЖЕР ҚОЙНАУЫ ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ

Қазақстан Республикасында жаңа Конституция жобасы ұсынылды. Бұл құжатта Ата Заң, оның өзегінде адам, оның өмірі, қадір-қасиеті және негізгі адамгершілік құндылықтары тұр.

Шындықты ашық айтуымыз керек: Конституцияның бұрынғы редакцияларында қоршаған ортаны қорғау, таза ауа, таза су және таза жер мәселелері негізгі конституциялық құндылықтар ретінде нақты бекітілмеген еді. Экология ұзақ уақыт бойы салалық заңдар мен бағдарламалар деңгейінде қалып, берік конституциялық негізге ие болмады. Жаңа Конституция жобасында бұл олқылық жойылды.

Бүгін Ата Занда біз үшін аса маңызды құндылықтар тікелей көрініс тапты: таза ауа, таза су, таза жер және таза адам қатынастар. Экологиялық қауіпсіздік, табиғатты сақтау және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілді.

«Байтақ» партиясы үшін 8-ші және 34-ші баптардың маңызы ерекше. Бұл баптарда жер мен жер қойнауы халыққа тиесілі екені нақты көрсетілген, сондай-ақ мемлекет пен әрбір азаматтың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және елдің табиғи байлығын болашақ ұрпақ үшін сақтауға міндетті екені айқындалған.

Экологиялық партия ретінде біз бұл туралы ашық айтамыз: бұл – біздің жүйелі жұмысымыздың нәтижесі әрі саяси жеңісіміз. Экологиялық күн тәртібі Конституцияға енді, себебі елде табиғат пен адам мүддесін табанды әрі кәсіби түрде қорғайтын партия бар.

Экологияны қорғаушы бірден-бір ұйым – бұл «Байтақ» жасылдар партиясы. Алайда Конституция – тек негіз. Алда нақты заңнамалық актілерді әзірлеу мен қабылдау кезеңі тұр. Бұл кезеңде біздің міндетіміз – белсенді, принципшіл әрі жауапты болу. Әрбір заңда, әрбір норма және әрбір шешімде халықтың, болашақ ұрпақтың және елдің экологиялық қауіпсіздігінің мүдделері ескерілуі тиіс. «Байтақ» партиясы бұл жауапкершілікті көтеруге дайын және оны алдағы уақытта да абыроймен атқара береді.

Азаматхан ӘМІРТАЙ,
«Байтақ» партиясының төрағасы

ӨЛІМ ЖАЗАСЫНАН БАС ТАРТУҒА АСЫҚПАЙЫҚ!

Мыңжылдық, санғасырлық тарихы бар Қазақ елін, мемлекетін құрған ұлт – қазақтар. Біз – Алтын Орда мен Қазақ хандығының заңды мұрагеріміз. Сондықтан Ата Заңның преамбуласында Қазақстан халқы емес, қазақ халқы деп нақты көрсетіліп жазылуы керек. Қазақстан халқының 74 пайызын қазақ ұлты құрайды. Бұған ешкім ешқандай дау келтіре алмайды.

Екіншіден, Конституцияда Қазақстан унитарлы мемлекет деп көрсетілгендіктен, көп дұрыс ойлы адамдар қолдап жатқандай, «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлемді алып тастау керек. Тек қазақ тілі ғана Қазақияда мемлекеттік тіл болуға құқылы. Ең екіншісі, барлық мемлекеттік органдарда ресми тіл ретінде орыс тілі қолданылады. Не деген сұмдық! Намысымыз қайда жоғалып кеткен? Әрі бұл мәтін унитарлы мемлекет деген сөзді жокқа шығарып тұр. Парадокс! Билікте 95 пайыз қазақтар отыр. Егемен тәуелсіз мемлекет екеніміз шын болса, онда 9-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

35 жылда қазақ тілінің күйі Ұлы Дала елі – Қазақстанда адам айтқысыз мүшкіл халге

түсті. Енді осынша уақытта қазақ тілінің үні өшеді деген сөз. Онда Қазақ мемлекеті болмайды да!!! Абай айтқандай, Алла тағала біздерге үлкен мүмкіншілік беріп отыр. Сондықтан өмірлік құқымызды қорғаудан шет қалмайық.

Үшіншіден, Халық Кеңесін Конституцияға кіргізудің ешқандай қажеттігі жоқ. Оны Президенттің жарлығымен де құруға болады. Және де заң жобасына бастама көтеруге құқық беру артық. Себебі ол – Президент жанындағы ғылыми-кеңестік орган. Заң жобасына бастама көтеруге құқықты Құрылтай мен Жоғарғы Сотқа, үкіметке беру керек.

Төртіншіден, осы Конституцияның жобасына келтірілген ұсыныстар мен пікірлер

қалай және қандай жолмен есепке алына-тындығын Конституциялық комиссияның ресми жауапты адамы ақпарат құралдарында ашық айтуы тиіс.

Бесіншіден, жобаның 5-бабының 6-тармағын Конституцияға кіргізудің қажеттілігі шамалы. Оны Құрылтай өзі заң негізінде қабылдауға құқылы. Бұндай мәтінде қабылдау мемлекет үшін қауіпті деп ойлаймын.

Алтыншыдан, 8-бапқа жер сатылмайды және шетелдіктерге жалға берілмейді деп нақты жазылуы керек.

Жетіншіден, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, әсіресе, өте көп мөлшерде пара алғаны, мемлекеттік қаржыны аса ірі көлемде ұрлағаны, адамдарды айуандықпен қасақана өлтіргені үшін өлім жазасы тағайындалуы мүмкін деп жазылғаны дұрыс. Құранда «жанға – жан, қанға – қан, көзге – көз, құлаққа – құлақ» деп бекер айтылмаған.

Советхан СӨКЕН,
доғарыстағы судья

ӨЗГЕРІСТЕР ЗАМАН ТАЛАБЫНАН ТУЫНДАП ОТЫР

Ата Заңымызға қазіргі заманға сай өзгеріс Аенгізілгелі жатыр ғой. Өз басым онда көп өзгерту жоқ деп ойлаймын. Мұндағы негізгі өзгеріс Құрылтай мен Қазақстан Халқы Кеңесіне қатысты болып отыр. Қалғандары – дұрыс жазу ережесі және тағы басқалар.

Мұндай өзгерістер уақыт талабынан туындап отыр. Өйткені өмір бір орында тұрып қалмайды. Бір орында отыра бермей, алға жүруіміз керек. Біз жаңадан өсіп келе жатқан мемлекетпіз. Әрине, біз АҚШ, Жапония сияқты емеспіз. Кейбіреулер олар Ата Заңын өзгертпейді ғой дейді. Олар – баяғыдан келе жатқан мемлекеттер.

Біздің бұрынғы Ата Заңымыз Жеті жарғы болған. Бұрын сол заңға бағынып жүргеніміз. Қазірге дейін ол Конституцияға және қылмыстық, азаматтық заңдарға негіз болып отыр.

Конституциядағы өзгерістер жобасын жасаған Конституциялық комиссияда 77 адам бар. Олардың барлығы – өз салаларының білікті мамандары. Одан кейін біздің Президентіміздің өзі де сарабал дипломат. Біз білмейтін көп нәрсені біледі. Сондықтан Конституцияға өзгерістер енгізуді ұсынғаны жайдан-жай емес. Болашақты болжап, біздің дамып келе жатқан еліміздің мүмкіндігі мен әлеуетін салмақтап отырып, осындай шешімге кеп отырғаны күмәнсіз.

Серіккелді ӘБДІРАХМАНОВ,
доғарыстағы судья

ОЛИМПИАДА

ӘР СПОРТШЫНЫҢ ЖЕҢІСІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Италияда XXV қысқы Олимпиада ойындары басталды. Оған әлемнің 93 елінен 3 500-ден астам спортшы қатысып жатыр. Олар 16 спорт түрінен 100-ге жуық медаль жиынтығын сарапқа салады. Жарыстың ашылу салтанаты Миландағы «Сан-Сиро» стадионында, ал жабылу салтанаты Веронадағы тарихи амфитеатр «Арена ди Веронада» өтеді.

Спортсүйер қауым асыға күтетін төртжылдықтың басты дүбірлі додасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын Ұлттық қараманын мүшелері Денис Никиша мен Аяулым Әренова және Қазақстан паралимпиадалық командасының мүшесі Ербол Хамитов ұстап шығатын болады. Құрама сапында 10 спорт түрінен 36 спортшы (18 ер, 18 әйел) бар. Атап айтқанда: фристайл-могулдан – Павел Колмаков, Юлия Галышева, Аяулым Әренова, Анастасия Городко; фристайл-акробатикадан – Дінмұхаммед Райымқұл, Шерзод Хаширбаев, Роман Иванов, Асан Асылхан, Аяна Жолдас; биатлоннан – Владислав Киреев, Әсет Дюсенов, Милана Генева, Айша Рақышева; тау шаңғысы спортынан – Ростислав Хохлов, Александра Скороходова; шаңғы қоссайысынан – Шыңғыс Рақпаров; шаңғы жарысынан – Әмірғали Мұратбеков, Наиль Башмаков, Виталий Пухало, Анна Мельник, Дарья Рязко, Ксения Шалыгина, Надежда Степашкина; шаңғымен тұғырдан секіруден – Данил Васильев, Илья Мизерных; конькимен жүгіру спортынан – Евгений Кошкин, Кристина Силаева, Елизавета Голубева, Надежда Морозова, Арина Ильяшенко; шорт-тректен – Абзал Әжғалиев, Денис Никиша, Ольга Тихонова, Яна Хан; мөнерлеп сырғанаудан – Михаил

Шайдоров, Софья Самоделькина. Яғни қазақстандықтар тек 28 медаль жиынтығы сарапқа салынатын бобслей, кёрлинг, сноуборд, шана, ски-альпинизм мен хоккейде ғана жарысқа спортшы қоса алған жоқ. Ал қазақстандықтар қатысатын спорт жарыстарының ішінде биатлоннан – 11, конькимен жүгіруден – 14, мөнерлеп сырғанаудан – 5, шорт-тректен – 9, тау шаңғысы спортынан – 10, шаңғы қоссайысынан – 3, шаңғы жарысынан – 12, шаңғымен тұғырдан секіруден – 6, фристайлдан – 15 медальдар жиынтығы сарапқа салынатынын ескерсек, спортшыларымыз өзіне жүктелген сенімді ақтап, құрама қоржыны бос қайтпайды деген сенім бар. Өйткені 36 спортшының 18-і алғаш рет қатысқалы отырса, 18-і тәжірибелі спортшылар. Олардың бесеуі қысқы Олимпиада ойындарында бұған дейін жүлдегер тұғырынан табылған.

Мәселен, фристайл-могулдан 2018 жылғы Пхёнчхан Олимпиадасының қола жүлдегері Юлия Галышева биыл Олимпиадада 5-ші рет жүлдеге таласпақ. Сонымен қатар шорт-тректен Абзал Әжғалиев пен Денис Никиша төртінші рет қатыспақ. Абзал 2022 жылы Бейжіңде 500 метр қашықтықта төртінші орын алып, жүлдеге бір қадам жетпей тоқтаған болатын. Құрама сапындағы Денис Никиша соңғы екі әлем чемпиона-

тында екінші орын алып, өзінің спорттық бабы жоғары деңгейде екенін дәлелдеді. Сол сияқты мөнерлеп сырғанаудан Михаил Шайдоров Бостонда өткен әлем чемпионатының күміс, фристайл-могулдан Анастасия Городко әлем чемпионатының екі мәрте қола жүлдегері болды.

Мемлекет басшысы да 23 қаңтарда ұлттық құрама мүшелерімен кездесуінде: «Әр азаматымыздың жетістігі – Қазақстанның жетістігі. Әр спортшының абыройы – барша қазақтың беделі. Жеңіске жету үшін талап пен табандылық керек. Сіздер шеберліктеріңізді шындап, аянбай еңбек еттіңіздер. Соның арқасында дүбірлі додаға қатысуға мүмкіндік алдыңыздар. Олимпиада чемпионы болу – әр спортшының арманы. Осы мақсатқа бір табан жақын тұрсыздар. «Ел сенімі – ерге жүк» дейді халқымыз. Баптарыңыз және бақтарыңыз қатар шауып, жүлдемен келесіздер деп сенемін. Барша халқымыз сіздерге жанкүйер, тілекші болады. Бәріңізге сәттілік, жеңіс тілеймін! Көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!» – деген болатын.

Қазақстанда қазіргі таңда қысқы олимпиадалық спорттың 13 түрі (конькимен жүгіру, шорт-трек, мөнерлеп сырғанау, биатлон, керлинг, шаңғы жарыстары, тау шаңғы спорты, фристайл (могул, акробатика), сноуборд, шаңғы қоссайысы, шайбалы хоккей, ски-альпинизм және трамплиннен секіру) дамытылуда. Дайындық сапасын арттыру мақсатында Нидерланд, Польша, Германия, Румыния, Ресей, Беларусь, Болгария және Словения елдерінен 13 шетелдік жаттықтырушы-кеңесші қызметке тартылды. Ұлттық командалар соңғы 4 жылда 612 оқу-жаттығу жиынын өткізіп, 434 халықаралық жарыста 17 алтын, 31 күміс және 21 қола медальға ие болды. Министрліктің есебі бойынша олимпиадалық циклді қаржыландыруға бюджеттен және демеушілер есебінен 13,3 млрд теңге жұмсалды. Бөлінген қаржының басым бөлігі спорт құрал-жабдықтары мен экипировка сатып алуға, спортшы-нұсқаушылар мен жаттықтырушылар құрамының (оның ішінде шетелдік мамандардың) еңбекақысын төлеуге, медициналық-фармакологиялық қамтамасыз етуге, халықаралық жарыстар мен лицензиялық турнирлерге қатысуға, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге және оқу-жаттығу жиындарын өткізуге бағытталған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



БІР МҮДДЕ

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

ҚР Парламенті Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда қаралды. Аталған заң жобасы депутаттардың бастамасымен әзірленіп, Мәжілістің қарауына 2024 жылғы 6 ақпанда енгізілген. Бірінші оқылымда 2025 жылғы 19 қазанда мақұлданған құжат еңбек қатынастары саласындағы жүйелі проблемаларды шешуге бағытталған кешенді заңнамалық түзетулер топтамасын қамтиды.

Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Ерлан Саировтың айтуынша, құжаттың негізгі мақсаты – еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын нақты құқықтық тетіктер арқылы қорғау. Осы орайда еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті кеңейтіліп, диеталық және емдік-профилактикалық тамақтануға арналған өнімдерді беру тәртібін бекіту көзделді.

Маңызды нормалардың бірі – ұжымдық шарттарда ең жоғары және ең төменгі жалақы мөлшерлері арасындағы жол берілетін арақатынасты белгілеу. Бұл түзету еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік әділеттілікті арттыруға және жалақы саясатының ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Сонымен қатар, келісу комиссиясының жұмысына делдал тарту мүмкіндігі енгізіліп, еңбек дауларын сотқа жеткізбей шешу тетіктері күшейтілді. Ал азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар арқылы еңбек қатынастарын бүркемелеуге тыйым салу – көлеңкелі жұмыспен қамтуға қарсы бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

Екінші оқылым барысында депутаттар бірқатар маңызды түзетулер енгізді. Атап айтқанда, ұжымдық келісімшарттарға жұмысқа байланысты жазатайым оқиғалар кезінде төленетін жәрдемақылар мен өтемақылар тәртібін бекіту ұсынылды. Сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау маманының ұйымның бірінші басшысына тікелей бағыныштылығы белгіленіп, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жауапкершілігі басшылық деңгейіне жүктелді.

Сонымен қатар заң жобасы аясында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске өндірістік жарақаттың

ауырлық дәрежесін айқындау қағидаларын бекітуге қатысты өзгерістер енгізіледі. Бұдан бөлек, Үкімет бастамасымен әлеуметтік қорғау саласындағы лицензиялау, жергілікті өкілді органдардың бірқатар өкілеттіктерін нақтылау және ереуілдер кезінде тоқтатылмайтын өндіріс түрлерін айқындау нормалары ұсынылды.

Әлеуметтік кодекске енгізілген түзетулер де назар аударарлық. Конституциялық Соттың нормативтік қаулысын іске асыру мақсатында жұмыс істемейтін әкенің жас баланы күту уақыты зейнетақы еңбек өтіліне есептелетін болды. Бұл норма әлеуметтік саясаттағы теңгерімді көзқарасты көрсетеді. Қаралу барысында заң жобасы реттейтін мәселелер аясы кеңейгендіктен, оның атауын нақтылау ұсынылды. Нәтижесінде құжат еңбек қауіпсіздігімен қатар, жұмыскерлердің құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін де қамтитын кешенді заң ретінде қалыптасты.

Барлық салалық комитеттер заң жобасы бойынша оң қорытынды берді. Жұмыс тобы 17 отырыс өткізіп, салыстырмалы кестеге енгізілген 59 түзету қабылданды. Осыған байланысты Мәжілістің профильді комитеті заңды қабылдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынды.

Түйіндей айтқанда, бұл заң – еңбек адамының мәртебесін қағаз жүзінде емес, нақты құқықтық механизмдер арқылы көтеруге жасалған талпыныс. Оның тиімділігі қабылданғаннан кейінгі орындалу сапасына тікелей байланысты болмақ. Егер бақылау мен жауапкершілік қатар жүрсе, қауіпсіз еңбек жағдайы Қазақстандағы әлеуметтік әділеттің нақты өлшеміне айналуы әбден мүмкін.

А. ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ОТЫРЫС

Мәжілістің жалпы отырысы Қазақстанның конституциялық дамуы жолындағы маңызды кезеңдердің біріне айналды десек, қателеспейміз. Өйткені онда барлық партиялық фракция депутаттары жаңа Конституция жобасын бірауыздан қолдап, ресми мәлімдеме жасады.



БАС ҚҰЖАТ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛАУЛЫЛАР ПІКІРІ ОҢ

Оларға жекелей тоқтап өтетін болсақ, депутат Ермұрат Бапи жаңа Конституция жобасының басты сипаты – сыртқы қатерлерге қарсы тұру, мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің беріктігін нығайту екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл көзқарас қазіргі геосаяси ахуал жағдайында қисынды да өзекті. Ұсынылып отырған өзгерістердің түпкі мақсаты – ұлттық бірлікті сақтау және қуатты мемлекет құру. Яғни, Конституция тек құқықтық құжат қана емес, елді ұйыстыратын стратегиялық платформа ретінде қарастырылып отыр.

Оның әріптесі Ирина Смирнова жаңа Конституция преамбуласының маңыздылығына ерекше тоқталды. Құжатта әділетті қоғам құру басты бағдар ретінде айқын белгіленген. Бұл ұғымның мазмұны кең. Яғни жаңа Конституцияда мүмкіндіктердің әділеттілігі, заң алдындағы теңдік және ұлттық байлықты әділ бөлу қағидаттары көрініс тауып отыр. Мұндай тұжырым преамбуланы декларативті мәтіннен құндылықтық бағдарлама деңгейіне көтереді.

Еркін Әбілдің айтуынша, жаңа Конституция жобасында тарихи сабақтастық қағидаты маңызды орын алады. Ата Заңымызға «Ұлы дала» ұғымының енгізілуі – мемлекеттің тарихи тамырын мойындап, ұлттық болмысты құқықтық кеңістікте бекітуге ұмтылыс. Сонымен қатар, Қазақстан халқы ұлттық егемендіктің иесі әрі биліктің нақты субъектісі ретінде танылып отыр. Бұл – билік пен қоғам арасындағы қатынасты қайта пайымдаудың белгісі.

Қазыбек Иса жаңа редакциядағы Негізгі заңда адам құқықтарына басымдық берілгенін атап өтті. Оның пайымдауынша, құжаттағы халықаралық шарттардан ұлттық заңдардың үстем болуы – құқықтық егемендікті нығайтатын маңызды норма. Бұл Қазақстанның халықаралық міндеттемелерден бас тартуы емес, керісінше, оларды ұлттық мүдде сүзгісі арқылы іске асыруға деген ұмтылысы.

Бақытжан Базарбек Конституцияда жердің, жер қойнауының және барлық табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екенін туралы норманың сақталып, тіпті күшейтілгенін атап өтті. Бұл – әлеуметтік әділет пен экономикалық егемендік тұрғысынан аса маңызды қағида. Жер қатынастары саласында қатаң тәртіп орнату туралы Президент тапсырмасының да осы бағыттағы саяси ерікті көрсететіні анық.

Меншік құқығы және инвестициялық тартымдылық мәселесіне қатысты талаптар да Ата Заңымызда айқындалыпты. Бұған жиында Айтуар Қошмамбетов назар аударды. Оның айтуынша, құжат бұл саланы реттеуді жаңа деңгейге көтеріп, бизнес пен азаматтарға, сондай-ақ сот жүйесіне айқын бағдар береді. Ал аумақтарды дамытудың арнайы құқықтық режимдерін енгізу мүмкіндігі Қазақстанды инвестиция мен технология үшін жаһандық бәсекеде алдыңғы қатарға шығаруға бағытталған.

«Саяси жүйені жеңілдету және қоғамдық диалог» деп атап көрсетті жаңа Конституция жайлы сөз кезегі тигенде депутат Нұрлан Әуесбаев. Оның айтуынша, бір палаталы Парламентке көшу – күрделі әрі ауыр заң шығару жүйесінен бас тартып, қоғамға түсінікті әрі жауапты модельге өтудің көрінісі. Ал Халық Кеңесін құру бастамасы азаматтардың жеке ұсыныстарын тікелей жеткізуіне жол ашып, мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты күшейтуді көздейді.

Адами капитал – стратегиялық басымдық. Жаңа Конституцияның бұл бағытын Ерболат Саурыков атап көрсетті. Саурыков мырза бұл ретте «Білім экономикасы» қазіргі әлемнің басты қозғаушы күшіне айналған тұста, бұл бағытты конституциялық деңгейде бекіту ел дамуына ұзақ мерзімді серпін беретініне сенім білдірді.

Депутаттық корпустағы әріптесіміз Мақсат Толықбай жаңа Ата Заң жобасы тілінің қарапайым әрі түсінікті екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар ол мемлекет пен діннің ара-жігінің нақты ажыратылуы, цифрлық қауіпсіздіктің алғаш рет конституциялық деңгейде көрініс табуы, Миранда ересінін енгізілуі – бәрі де жаңа заман талаптарына жауап беретінін тілге тиек етті. Сол секілді неке ұғымының ер мен әйелдің одағы ретінде нақтылануы да қоғамдағы құндылықтық бағдарды айқындай түседі.

Бұл әңгімеден түйгеніміз – жаңа Конституция жобасы – құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, Қазақстанның болашақ даму моделін айқындайтын саяси құнды құжат. Мәжілістегі кең қолдау бұл бастаманың қоғамдық және саяси легитимдігін күшейтері сөзсіз. Ал оның шынайы тиімділігі қабылданғаннан кейінгі іске асу сапасына, қоғаммен ашық диалогтың жалғасуына тікелей байланысты болмақ.

А. ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ШКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ**Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының бұрынғы төрағасы,
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын кеңейтудің бір себебі «түрме тұрғындарын» азайту қажеттілігіне, криминологиялық тәуекелдерді бағалаудан гөрі таза әкімшілік-басқару міндеттерін шешуге баса назар аударумен байланысты болуы бұл жағдайды күрделендіре түседі.

«Сотталған адамның түзелгенін дәлелдеу» ұғымының нақты, заңды түрде дәйектелген және ғылыми негізделген анықтамасының болмауы шын мәнінде үлкен мәселе туындатып отыр. Тәжірибе барысында сотталушының түзелу ниеті негізінен тәртіптік жазалардың болмауы, ынталандыру шараларының болуы, еңбекке араласу және түрме әкімшілігінің оң бағасына ие болу секілді формальды критерийлер бойынша бағаланады. Шын мәнінде бұл критерийлер сотталған адамның заңға бағынушылық мінез-құлқына ішкі мотивациясы; босатылғаннан кейінгі криминогендік тәуекел деңгейі; адамның қылмыстық-атқару жүйесінен тыс әлеуметтік бейімделуге дайындық дәрежесін объективті тұрғыдан бағалауға мүмкіндік бермейді.

Нәтижесінде, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешімдер көбінесе материалдарды дайындау мен қарауға қатысқан лауазымды тұлғалардың субъективті бағалауларына негізделіп қабылданады. Ал бұл құқық қорғау тәжірибесінің болжамдылығы мен біркелкілігін төмендетеді.

Осы ретте Қазақстанда шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануға азаматтардың шекті жаза мерзімін өтегені мен «сотталған адамның түзелгені» негізгі шарт ретінде қолданылса, дамыған елдердің құқықтық жүйесінде сотталушының қайта қылмыс жасау қаупіне және адамның қоғамға қауіпсіз бейімделуі қауіпін бағалауға назар аударылады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудағы ең күрделі мәселе – осы құралды жүзеге асырудың әртүрлі кезеңдерінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тікелей байланысты. Әсіресе түзеу мекемелеріндегі мінез-құлық сипаттамалары мен басқа да материалдарды дайындау; сотталған адамның түзелу дәрежесі туралы қорытындылар жасау, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді сотта қарау кезеңдері ең сындарлы кезең болып табылады.

Осыған байланысты, қылмыстық-атқару жүйесіндегі реформалар барысында шартты түрде мерзімінен бұрын босату саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі басым бағыт ретінде қарастырылуы керек. Шешім қабылдаудың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ететін тетіктер ескеріліп, соның ішінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату рәсімдерін толық цифрландыру; ынталандырулар мен жазаларды автоматтандырылған түрде тіркеу, сипаттамаларды электронды түрде жасау және өтініштерді қарау мерзімдері мен кезеңдерін ашық бақылау аса өзекті. Пенитенциарлық жүйелері дамыған елдерде мұндай шаралар түрме тұрғындары мен лауазымды тұлғалар арасындағы тікелей байланысты айтарлықтай азайтады, осылайша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді алқабилердің қатысуымен қарау жүйесін енгізу мәселесі кең көлемде талқыланауда. Дегенмен бұл бастама қылмыстық іс жүргізу теориясы тұрғысынан да, халықаралық және отандық сот тәжірибесі тұрғысынан да үлкен күмән тудырады.



Түптеп келгенде алқабилердің қатысуымен өтетін сот отырысы тек бір мәселені – сотталушының кінәлі немесе кінәсіз екендігін анықтаумен шектеледі, бұл сот төрелігін жүзеге асыруға халық өкілдерін қатыстырудың бір түрі. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату қылмыстық істің мәні болып табылмайды, керісінше, үкімді орындау элементін және жазаның құқықтық режимін өзгерту нысанын білдіреді.

Әлемдегі ешбір мемлекеттің құқықтық жүйесінде алқабилердің қатысуымен шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері қаралмайтынын айрықша атап өту маңызды. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерін сындарлы шешу үшін «жаза максаттары», «жазаны даралау», «криминогендік тәуекел» және «әлеуметтік бейімделу» санаттары кәсіби түсіну, сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық заңнаманы терең білу қажет. Алқабилер қоғамдағы қарапайым азаматтар болғандықтан, таразыланып отырған факторларды жан-жақты бағалауға қажетті құқықтық, криминологиялық және психологиялық құзыреттіліктерге ие емес. Сондықтан әлемдік құқықтық тәжірибеде баламасы жоқ тетікті біздің елімізде енгізуді ұсынған бастама авторларының не мақсатты көздеп отырғаны әлі күнге дейін түсініксіз болып тұр.

Алқабилердің қатысуымен шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерін қарау туралы бастаманы тәжірибеге енгізу елеулі практикалық қана емес, ұйымдастырушылық қиындықтар тудыратынын сот төрелігін жүзеге асыратын судьялардың өздері де ашық айтып келеді.

Ең бастысы кәсіби сот қауымдастығы да шартты түрде мерзімінен бұрын босату істерін қарауға алқабилерді тарту сот шешімдерінің сапасы мен объективтілігін жақсартпайтынын, керісінше, процесті қиындатып, созбалаңға салатынын дұрыс атап өтіп отыр. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері өз мәні бойынша жедел және кәсіби шешімді талап етеді, ал істі алқабилердің қатысуымен қарау бірқатар қиындық туындатады. Себебі алқабилерді іріктеу қиын да ұзақ процесс, сондай-ақ оларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және қосымша ұйымдастырушылық шаралар сот жүктемесін арттырады.

Сонымен қатар, тіпті істі формальды түрде алқабилердің қатысуымен қарағанның өзінде, шешім үшін негізгі заңды жауапкершілік бәрібір кәсіби судьяларға жүктелетіні белгілі. Өйткені олар материалдық және процесуалдық құқықты қолданады, сот актісін тұжырымдап, ол үшін тәртіптік және кәсіби жауаптылық арқалайды. Осы тұрғыдан алғанда шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелеріне алқабилердің қатысуы көбінесе декларативті сипатқа ие болып, оның тәуелсіз құқықтық маңызын төмендетеді.

жүргізудегі өзгерістермен байланысты қосымша шығындар мемлекеттік қаржыландыруды арттырмай-ақ, жалпы сот бюджеті есебінен өтеліп жатқанын атап өткен жөн, ал бұл оның негізгі қызметіне қаржылық қолдаудың азаюына әкелері даусыз.

Осы жағдайларды саралай келе Қазақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын одан әрі дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы керек деген ойдамын:

1. Сот қоғамдық комиссияның оң ұсынысы негізінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылдауы тиіс. Комиссия құрамына заңгерлер (зейнеткер судьялар мен

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудағы ең күрделі мәселе осы құралды жүзеге асырудың әртүрлі кезеңдерінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тікелей байланысты. Әсіресе, түзеу мекемелеріндегі мінез-құлық сипаттамалары мен басқа да материалдарды қайындау; сотталған адамның түзелу дәрежесі туралы қорытындылар жасау; шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді сотта қарау кезеңдері ең сындарлы кезең болып табылады.

Алқабилердің жетіспеушілігі де – қазіргі таңдағы өте өзекті мәселе. Сот тәжірибесі көрсеткендей, алқабилер алқасын қалыптастыру қазірдің өзінде оңай емес, қарапайым азаматтар түрлі сылтау айтып алқабилер болудан, сот төрелігіне қатысудан бас тартуда. Соның ішінде азаматтардың басым бөлігі жұмыссыз екенін, әлеуметтік-экономикалық факторларды, құқықтық сауатының төмендігін және сотты жазалаушы орган ретінде қабылдайтынның алға тартады. Соған орай көптеген алқабилер өздерін мемлекеттің репрессивті функциясымен байланыстығысы келмей, қылмыстық жазалауға қатысты сот істеріне қатысудан саналы түрде бас тартып жатады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату істеріне алқабилерді енгізу мәселені сөзсіз ушықтырады, себебі мұндай істердің қоғамдағы маңызы төмен, көпшіліктің де айтарлықтай қызығушылығын тудырмайды, әрі оны мәні жоғары қылмыстық істерді қараумен салыстыру мүмкін емес.

Қарастырылып отырған бастаманың қаржылық және экономикалық тұрғыдан қамтамасыз етілуі де қосымша сұрақтар туындатады. Кассациялық соттарды құрудағы тәжірибе көрсеткендей, сот жүйесінің құрылымдық реформаларын қолға алу бюджетке айтарлықтай шығын әкеледі. Алқабилердің құзыретін кеңейткен жағдайда оларға жалақы төлеу, шығындарды өтеу және ұйымдастырушылық, әкімшілік шығындарды жабу қосымша қаржыны қажет етеді.

Сонымен қатар, жергілікті соттар қазіргі уақытта материалдық, техникалық және кадрлық ресурстар тапшылығымен бетпе-бет келіп отыр. Бұл сот төрелігінің сапасы мен тиімділігіне тікелей әсер етеді. Мұндай жағдайда қолдағы бюджеттік ресурстарды судьялар мен сот қызметкерлерін қаржылық қолдауды арттыруға, олардың жұмыс жүктемесін азайтуға, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және кәсіби біліктілігін арттыруға бөлу тұжырымдамалық тұрғыдан күмәнді институтты қолдануға қарағанда ұтымды және әлеуметтік тұрғыдан негізді болары ақиқат. Дегенмен сот жүйесіндегі және сот ісін

босатуды қолданудан бас тарту туралы жазбаша өтініш білдірген адамдардан бөлек, осы институтты қолдануға заңдық құқығы бар, шекті мерзімін өтеген барлық сотталғандарға қатысты материалдар комиссия қарауына ұсынылуы тиіс.

4. Зиянды толық өтеген және режидімді қасақана бұзбағандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды көздейтін ҚК-нің 72-бабы 1-бөлігінің екінші абзацының нормасы жойылуы тиіс не ауырлығы орташа және жеңіл қылмыстар үшін сотталған адамдарға қатысты ғана сақталғаны жөн.

5. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ынталандыру және алдын алу бойынша рөлін күшейту үшін жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру институтын сақтаудың орындылығын қайта қарау немесе оның қолданылу аясын айтарлықтай шектеу қажет сияқты. Бұл институт өзінің құқықтық сипаты бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатумен теңдей қолданылады. Сондай-ақ бұл сотталған адамның түзелуін және қайта қылмыс жасау қаупін жан-жақты, терең бағалап жатпай-ақ жазаны жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және жазалары бойынша бас бостандығын шектеумен ауыстырылған адамдар бірдей заңдық мәртебеге ие болып, пробациялық бақылауға алынады. Сондай-ақ жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру институты шартты түрде мерзімінен бұрын босату механизмін қолдану барысында талап етілетін жазаның аз бөлігін өтегеннен кейін қолданылады. Бұдан бөлек, қолданыстағы қылмыстық заңнама шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тікелей тыйым салынған адамдардың жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру механизмін қолдану арқылы айналдып өтуіне мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бұл сыбайлас жемқорлыққа қатысты ауыр қылмыстар үшін сотталғандарға, яғни заң шығарушы шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану мүмкіндігін саналы түрде жоққа шығарған адамдарға қатысты қолданылады. Осылайша, сотталғандардың үлкен санатына жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыруды қолдану мүмкіндігі іс жүзінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға қатысты заңда белгіленген нормаларды нивелирлейді, қылмыстық-құқықтық реттеудің ішкі логикасын бұзады және ШТ-МББ институтының профилактикалық, тәрбиелік мәнін жоққа шығарады. Мұндай жағдайларда сотталғандардың құқықтық жағдайын мерзімінен бұрын өзгертудің басым тетігі саналатын шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты неғұрлым күрделі, дараланған және қоғамдық қауіпсіздікті бағалауға, адамның нақты түзелуіне бағдарланған болуға тиіс.

Мұндай жағдайларда жеке тұлғаның нақты түзелгені мен қоғамға қауіпсіз екенін мейлінше күрделі, дара және болжалдап бағалауға бағытталған шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты сотталғандардың құқықтық мәртебесін мерзімінен бұрын өзгертудің басты механизмі болуы керек.

6. Қазақстан Республикасында криминология ғылыми мектебінің қылмысты, рецидивизмді және қылмыстық-атқару мекемелерінің тиімділігін таңдауға бағытталған дербес панаралық сала ретінде жүйелі етуге қайта жандануын қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату бойынша кешенді криминологиялық зерттеулер жүргізу үшін институционалдық, ұйымдастырушылық және қаржылық жағдайлар жасау аса маңызды, оның ішінде: шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар арасындағы қайта қылмыс жасау деңгейін, құрылымның және динамикасын зерттеу; сотталғандардың криминогендік қаупін және әлеуметтік бейімделу дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген әдістерін әзірлеу және енгізу; шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тиімділігіне әсер ететін факторларды және оны қабылдауға себептерін таңдау; сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық-атқару саясатын түзету үшін дәлелдемелер базасын әзірлеу кезек күттірмейді.

Менің ойымша, бұл шараларды енгізу шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының объективтілігін, ашықтығын және болжамдылығын арттырады, оның алдын алу әлеуетін күшейтеді және отандық сотта қалыптасқан тәжірибені қылмыстық жазаларды орындаудың заманауи халықаралық стандарттарына сәйкестендіреді.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Міне, сенімге сызат түсіретін де, мемлекеттік қызметке қатысты күмәнді қалыптастыратын да осындай адамдар. Ал, бабаларымыз айтқандай, «Халықтың сенімі алтыннан да қымбат». Осыны кейбір азаматтардың түсінбейтіні өкінішті.

– **Әлеуметтік желілерде «мекемеге жарылғыш зат қойылды» деп хабарлама тарату тыйылмай келеді. Әсіресе, балабақша, мектептердегі қауіпсіздік көпшілікті алаңдатпай қоймайды. Білім ордаларында қауіпсіздік шаралары қаншалықты қамтамасыз етілген?**

– Бала – біздің болашағымыз, көз қуанышымыз. Олардың қауіпсіз ортада алаңсыз күн кешуіне, арман-мақсатына жетуіне бәріміз мүдделіміз. Сондықтан білім ордаларындағы қауіпсіздікке жіті көңіл бөлінеді. Мектеп инспекторларының жұмысы, кәмелетке толмағандармен қоян-қолтық жұмыс істейтін полиция қызметкерлерінің қызметі ұдайы бақылауда. Облыстық прокуратура бала тәрбиесіне, балалардың ертеңіне қатысты мәселелерден шет қалмай, үнемі маңызды мәселелерді көпшілік талқысына шығарып, көп болып шешуге бастама көтеріп келеді. Толық емес отбасылар бетпе-бет келетін түйткілдер, қиын балалар, кәмелетке толмағандардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, балаларға жасалатын буллингке тосқауыл қою, балалар суицидін алдын алуға қатысты ұйымдастырылған жиындардың оң нәтиже берері анық. Жалпы, бақылаусыз бала қылмысқа бейім болады. Осыны білген бабаларымыз «Қамысты бос ұтасан, қол кеседі, баланы бос ұтасан, бетімен кетеді» дегенді әділ айтқан.

«Заң мен тәртіп» идеологиясында да балалар мен жастардың тәрбиесіне айрықша басымдық берілген. Былтыр облыс прокуратурасы «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында мектеп оқушыларына арналған құқықтық-ағартушылық форум ұйымдастырды. Облыстағы мыңнан астам оқушының басын қосқан бұл жиынға Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мырзағали Айтжанов, айттыскер ақын Ахметрасул Баянбай, белгілі спортшы Сәкен Бибосынов арнайы шақырылды. Форумның негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауатын арттыру және қазіргі заман талаптарына сай заң мен тәртіп мәдениетін қалыптастыру. Осы шара барысында елге белгілі тұлғаларды шақырып, пікірлестіру арқылы жастарға жақсы өнеге көрсетуді көздедік. Жақсыға қарап өскен, еліктеп өскен бала жаман болмаса керек.

Сонымен қатар, өзіңіз атап өткендей, мектептегі күзеттің ұйымдастырылуы, білім ордасындағы балалардың ерекеті де өткір тұрған мәселе. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің «Күзет қызметін жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптары мен оларды растау құжаттарының тізбесін бекіту туралы» қаулысы бар. Осы қаулыға сәйкес, террористік тұрғыдан қасат нысандарға қызмет көрсететін күзет ұйымдары міндетті түрде тиісті материалдық-техникалық базамен, күзет құралдарымен, арнайы дайындықтан өткен және тексерілген қызметкерлермен, техникалық жаратқандармен орталықтандырылған бақылау пунктін, сондай-ақ қызметтік қарумен қамтамасыз етілуі тиіс. Ал тәжірибеде қалай? Біз кейбір мектеп, балабақшаларда күзет қызметімен келісімшарт болғанына қарамастан, жоғарыдағы талаптарға мүлде сәйкес келмейтін жандардың күзетте тұрғанын байқаймыз. Осындай жағдайларда оқушылар мен ұстаздарға қауіп төнуі мүмкін екенін ескере отырып, облыс прокуратурасы білім беру саласында күзет қызметтерін сатып алу реттейтін нормативтік актілерге өзгерістер енгізу бастамасын көтерді.

Бас прокуратура осыған байланысты уәкілетті органдарға тиісті нормаларды түзету жөнінде ұсыныстар жолдады. Нәтижесінде Оқу-ағарту министрлігі білім беру ұйымдары үшін күзет қызметтерін сатып алуға арналған үлгілік конкурс құжаттамасын бекітіп, онда оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін біліктілік талаптары нақты көрсетілді. Мұндай талаптар мектеп қауіпсіздігіне қатысты жасалатын іс-шараларды түбегейлі өзгертерін сенім мол.

– **Ауыл халқының күнкөрісі жермен тығыз байланысты. Соңғы жылдары жайылымдық жерлердің аздығына егін егуге, мал баулауға жер таппай отырғанын айтып шағымданып отырғандар қатары қалып. Түркістан облысында бұл мәселе қалай шешіледі?**

– Жер – қазақтың жанды жері. Тарихтың қай кезеңін алып қарасаңыз да, ел ішіндегі даулардың көбі осы жерге байланысты туындағанын байқау



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ, Түркістан облысының прокуроры:

«ХАЛЫҚ КЕЛІП-КЕТКЕНДІ ЕМЕС, ҚИЫЛЫП ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДІ СЫЙЛАЙДЫ»

қиын емес. Ал ауыл тірлігін жандандыру үшін жерді мақсатты түрде пайдалануға мән беру керек. Бұл мәселе Мемлекет басшысының да назарында. Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жерді мемлекет меншігіне қайтарудың маңызы зор екенін әкімдерге шегелеп тапсырды. Бұл мәселені облыстық прокуратура да тұрақты бақылауында ұстап отыр. 2025 жылғы тексеру барысында жер қатынастары саласында жер учаскелерін мемлекеттік меншіктен заңсыз шығару бойынша жүйелі заң бұзушылықтар анықталды. Мәселен, Сауран ауданында жалған құжат негізінде 2 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді рәсімдеу схемасы анықталды. Соның нәтижесінде мемлекетке келтірілген залал 314 млн теңгені құраған. Заң бұзушылардың үстінен ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағы бойынша қылмыстық іс басталды. Бұдан бөлек мемлекеттік меншіктен 1,4 гектар жер учаскесін заңсыз шығару фактісі тергелуде. Оған ауылдық округ әкімі қабылдаған жалған шешім негіз болған. Кейін бұл учаскенің әрқайсысы 0,1 гектардан 14 бөлікке бөлініп, жеке тұлғаларға берілгені анықталды.

Прокурорлық қадағалау нәтижесінде жалпы құны 2 млрд теңгеден асатын жерлер мемлекеттік меншікке қайтарылды. Оның ішінде аукцион өткізілместен шетелдік компанияға берілген 604,7 га жер (1,5 млрд теңге) де бар. Сондай-ақ Түркістан қаласы мен Сайрам ауданында жерді тиімсіз пайдалану және заңсыз шығару фактілері анықталды. Түркістанда 26 учаске 83 млн теңгеге негізсіз сатып алына, мемлекеттік мұқтаждық үшін сатып алынған 30 учаскеге нарықтық бағадан артық сома төленген. Бұл да прокурорлық қадағалаудың нәтижесінде әшкереленді.

– **Ауылды қорқыту, ауыл шаруашылығын өркендету мақсатын көздеген игі бастамалардың дұрыс жүргізілмей, түрлі кемшіліктердің орын алуы, әріне, өкінішті. Ал ауылда кәсіпін жүргіземін дегендер мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалана алып отыр ма?**

– Ауыл түлесе – қазақ түлейді, ел көркейеді. Өйткені ауыл мен қазақ – ажырамас ұғым. Ауылдың түтіні түзу шығып, туған жерді түрлендіруге ынталарды көбейту үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар қолға алынып, ортақ қазынадан қомақты қаржының бөлініп жатқаны рас. Бұл көмекті пайдаланып, кәсібін дөңгелетіп, ауылдастарын жұмыспен қамтып жүргендерді көргенде көңілің марқаяды. Алайда бұл ортада да жымқыру деректері кездесіп қалады. Айталық, былтыр Бас прокуратураның тапсырмасы негізінде Түркістан облы-

Қылмыстан ешбір ел, ешқандай аймақ сақтанғырмаса. Бүгінгідей ақпараттық заманда елдің санасын ұлау, алыста отырып ауыл ішін ала тайдай бұлғиң оңай болып кетті. Қаншама ескерткі жасап, қылмыстың алдын алу үшін тиімді форум, қоғамдық ұстел, қоғамдық қабылдаулар мен ашық диалогтар өткізгенімізбен, ақкөңіл ауыл халқы жанындағы құқық қорғаушылардан гөрі алаяқтардың сөзіне көбірек сенеді. Бірақ, солай екен деп қол құсырып отыруға тағы болмайды. Қылмысқа тосқауыл қоюға көмектесетін ақпараттық, насихат шараларының бәрі назардан тыс қалмауы керек. Соның арқасында аймақтағы қылмыстылық деңгейі 7,9%-ға (5262-ден 4848-ге) төмендеді.

сының ауыл шаруашылығы басқармасының қызметіне тексеру жүргізілді. Сонда анықталғандай, кейбір шаруа қожалықтары бұрынғы жүйедегі мәліметтерді пайдалану арқылы 271 млн теңгеден астам субсидияны заңсыз иемденіп, мемлекет мүддесіне аса ірі залал келтірген. Тек бір ғана шаруашылық (ШҚ «Б») бұрын өткізілген 440 ірі қара және 5 088 ұсақ мал туралы мәліметтерді заңсыз пайдаланған. Осы факті бойынша облыс прокуратурасы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастап, 5 тұлғаға қатысты қылмыстық іс сотқа жолданды. Мемлекет қаржысын талан-таражға салған осы азаматтардың бәрін қылмысы дәлелденіп, бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. Соның нәтижесінде мемлекет бюджетіне 140 млн теңгенің активтері қайтарылды.

Осыған ұқсас схема Сауран ауданында да орын алған. Бұл жерде де бұрынғы мәліметтерді ұсынып, құзырлы органдарды шақтастырған сотталушылар 300 млн теңгеден асатын субсидияны жымқырмақ болған. Олардың да заңды жазасын алатын уақыты жақын. Яғни елге бөлінген қаржы ел игілігіне жарауы керек. Халықтың қаржысын талан-таражға салуға жол берілмейді.

– **Шағын және орта бизнес – ел экономикасын жандандырудың құрметіміз. Отандық кәсіпкерлердің мүддесі, аймаққа қаржы салған инвесторлардың құқығы толық қорғалған ба?**

– Инвестиция тартуда, отандық кәсіпкерлікті өркендетуде Түркістан өңірінің әлеуеті жоғары. Былтыр жалпы құны 3,5 трлн теңге болатын 177 инвестициялық жоба іске асырылса, биыл 400 млрд теңгені құрайтын 64 жоба іске қосылды. Бұл – ел дамуына қосылған ерен күш, мықты басымдық. Облыс прокуратурасы жыл басынан бері әкімдік, «Атамекен» палатасы және «Kazakh Invest» өкілдерімен бірлесіп, «Invest-Karavan – 2025» акциясын өткізіп, соның аясында 60 көшпелі іс-шара ұйымдастырылды. Аймақтағы 170 инвестормен кездесу жүргізілді.

Инвесторлардың құқығын қорғаудағы түйткілдерді орынды шешіп, инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында уәкілетті органдар мен қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен арнайы форум өткізілді. Осында айтылған мәселе, ұсынылған пікір, тілектердің нәтижесінде 30 инвестордың құқығы қорғалып, 32 инвесткейс шешілді. Ашық диалогтың арқасында инвесторлар инвестициялық жобаларды іске асыруға кедергі келтіретін фактілерді ашық айтып, нақты шаралардың қабылдануына түрткі болды. Мәселен, «BEREKE PLASTIC» ЖШС инвесторы АЭА (СЭЗ) аумағынан жер учаскесін алу кезінде қиындықтарға тап болған. Бұл мәселе келіссөздердің арқасында оңтайлы шешіліп, жергілікті атқарушы органдар жобаны әрі қарай жүзеге асыру үшін 5 га жер учаскесін табыстады. «Мамырбекова» ЖК-де жердің нысаналы мақсатқа сәйкес келмеуіне байланысты объектіні пайдалануға беру актісін ұзақ уақыт ала алмаған. Іске прокуратура араласқаннан кейін нысан тіркеліп, инвесторға пайдалану актісі табысталды.

Прокуратура заңсыздықтарды тексеріп, анықтаумен ғана айналыспайды. Сонымен бірге кемшіліктердің алдын алу, жұмысты тиімді үйлестіруге де атсалысады. Айталық, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу мақсатында қолға алынған «Инвест-Караван» акциясын прокуратура биыл да жалғастырып отыр. Инвесторлармен жедел

Прокуратураның тағы бір озық нәтижесі – түсіндіру шаралары мен кері байланыстың арқасында 73 ауыл алкогольден саналы түрде бас тартты. Ал арақ – талай қылмыстың бастауы. Азаматтардың тузу жолдан ауытқауының да басты себебі – арақ. Прокуратура сондай-ақ «Бұзушылыққа тоқтам», «Алаяқтан сақ бол» жобаларын іске асыруда.

– **Сот актілері орындалуымен құнды. Осы үкімдердің орындалуына ұдайы бақылып, заңсыздықтың жолын кесу – прокуратураның бір міндеті. Бұл істегі нәтижелер көңілден шыға ма?**

– Рас, үкімдердің орындалуын қадағалау – біздің жұмысымыздың бір бағыты. Ол қылмыстың алдын алуды, қылмыстылықтың қайталануына тосқауыл қоюды көздейді. Облыс прокуратурасы барлық қала, аудандардың пробация есебіндегі тұрғындармен кездесіп, олардың тұрмыстық жағдайын зерттеуді жолға қойып отыр. Соңғы уақытта жазасын өтеушілердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында да едәуір жұмыстар атқарылды.

Түркістан облысының прокуратурасы «FSM Social» бағдарламасын республика көлемінде бірінші болып қолданысқа енгізгенін айта кеткен жөн. Бұл тәжірибе өзін ақтаған соң, бүгінде басқа облыстар да қолдануда. Бағдарламаны қолға алғаннан бері жазасын өтеушілердің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында «Отбасын қол-

дау» орталықтары арқылы 1264 сигнал берілді.

Бұдан бөлек, «Мобильді прокурор» қосымшасының көмегімен «Қадағалау» профилактикалық іс-шарасы нәтижелерін енгізу, қылмыстық-атқару қызметімен байланысты бүкіл процесті автоматтандыру жүзеге асырылуда. Прокурорлық қадағалаудың арқасында есепте тұрған жаза өтеушілерге біржолғы өтемақы жүйелі түрде төленуде. Заңда қарастырылғанмен, бұл төлем бұрын ескерілмеген еді. Бүгінде 659 жаза өтеушіге 25,5 млн теңге берілді.

Пробация есебіндегі тұлғалардың балаларына жазғы маусымдық лагерге 57 жолдама беріліп, 46 жаңуға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Жазасын өтеп жүрген 36 азаматқа 56 млн теңгеден астам қайтарымсыз грант берілді. Осы көмекті пайдаланған 6 жазасын өтеуші мал шаруашылығымен айналысу үшін жеңілділікпен несиеге ие болды. Міне, сүрініп кетіп, бүлініп кеткен тағдырларды түзу жолға салудың бұл бір көрінісі ғана.

Алгоритмге сәйкес, облыс аумағында жоғары тәуекел тобына жататын жаза өтеушілер тізімі жаңадан жасакталып, белгіленген тәртіпті бұзғандарға шара қолданылуда. Бұл да – қылмыстың алдын алудың мықты тетігі. Сондай-ақ прокуратура Психикаға белсенді әсер етуші заттарды пайдаланушыларды анықтауға, есепке алуға және оларға әлеуметтік, медициналық көмек көрсетуге бағытталған мекемелерлік меморандумды бекітіп, нәтижесінде 36 жаза өтеушінің психотропты заттарды пайдаланатыны анықталып, барлығы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қылмысты азайтып, қауіпсіз орта қалыптастырудағы негізгі бағыт халықты жұмыспен қамтумен өзектес. Себебі жұмыссыздық жаман әдетке үйір етеді, жұмыссыздық қылмысқа итермелейді, жұмыссыздық отбасының берекесін алады. Сондықтан прокуратура сотталушылардың, бостандыққа шыққандардың жұмыспен қамтылуына ғана емес, жалпы аймақ тұрғындарының жұмыссыз қалмауы үшін түрлі шараларды ұйымдастыруға мұрындық болып жүр. Аймақтағы ірі кәсіпкерлермен меморандум жасалып, пробация есебінде тұратын 45 тұлғаның жұмыспен қамтылуы – осы жауапты істің бір парасы ғана. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

«Халық келіп-кеткенді емес, қиылып кызмет еткенді сыйлайды» дейді дана бабаларымыз. Ендеше халықтың қажетіне жарап, ризашылығына бөленсек, еңбегімізді ақталғаны.

– **Уақыт тауын ой бөліскеніңізге рақмет!**

Айнур САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

ҚУДАЛАУ



СТАЛКИНГКЕ ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚЫ ҮКІМ ШЫҚТЫ

Қазақстанда сталкинг дәрегі бойынша алғаш рет сот үкімі шықты. Бұл – отандық құқықтық тәжірибеде маңызды әрі символдық оқиға. Петропавл қаласында бір жарым жылдан астам уақыт бойы әйел адамды қудалап келген 37 жастағы ер адамға сот 100 сағат қоғамдық жұмыс жазасын тағайындады. Үкім заңды күшіне енді.

Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаментінің мәліметінше, жәбірленушінің арызы негізінде жүргізілген тергеу барысында күдіктінің әйелді ұзақ уақыт бойы аңдығаны, оның назарын күштеп аударуға тырысқаны, сондай-ақ жәбірленушімен және оның айналасындағы адамдармен жиі жанжалға барғаны анықталған. Әйел өз сөзінде қудалаудың күнделікті өміріне кедергі келтіріп, тұрақты психологиялық қысым тудырғанын айтқан. Маңыздысы, бұл азамат бұған дейін де жәбірленушіге қатысты бірнеше рет әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Соған қарамастан, қудалау әрекеттерін тоқтатпаған. Бұл жағдай сталкингті дер кезінде құқықтық тұрғыда бағалаудың қандай салдарға әкелетінін айқын көрсетіп отыр.

Сот үкімі Қылмыстық кодекске енгізілген жаңа 115-1-бап (Сталкинг) нормасының алғашқы нақты қолданылуы ретінде тарихта қалды. Президент қол қойған «Қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң азаматтардың жеке кеңістігін қорғауға бағытталған маңызды қадам болды. Заңға сәйкес, сталкинг – зорлық-зомбылық қолданылмаса да, адамның еркінен тыс, жүйелі түрде қудалау арқылы оның психологиялық жағдайына елеулі зиян келтіретін әрекеттер жиынтығы. Бұған ізіне түсу, қайта-қайта қоңырау шалу, әлеуметтік желіде бақылау, қорқыныш пен аландаушылық тудыру секілді әрекеттер жатады.

Енді мұндай құқықбұзушылық үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс, 50 тәулікке дейін қамау жазасы көзделген.

Сталкинг – жаңа атау болғанымен, ескі проблема. Бұрын мұндай әрекеттер «қызығаныш», «отбасылық жанжал», «жеке мәселе» ретінде бағаланып, көп жағдайда құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалды. Әсіресе, ажырасқан жұптар мен біржақты қарым-қатынаста бұл құбылыс жиі кездеседі. Зәбір көрушілердің басым бөлігі – әйелдер.

Халықаралық деректерге сүйенсек, әрбір оныншы әйел өмірінде кем дегенде бір рет сталкингке ұшырайды. Ұдайы аңду мен бақылау адамның психологиялық жағдайын күйретіп, кей жағдайда ауыр трагедияларға әкелетіні де жасырын емес.

БҰРЫН ҚАЛАЙ ЕДІ, ЕНДІ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

Бұған дейін Қазақстан заңнамасында «сталкинг» ұғымы мүлде болмады. Құқық қорғау органдары мұндай істерді «қорқыту», «жеке өмірге қол сұғу» секілді баптармен шектеулі түрде қарастырып келді. Бұл нақты қауіптің алдын алуға мүмкіндік бермеді. Енді 115-1-бап аясында сталкинг дербес құқықбұзушылық ретінде танылып отыр. Заңгерлердің айтуынша, бұл жәбірленушілерді ерте кезеңде қорғауға жол ашады. Хабарламалар, хат алмасулар, скриншоттар, қоныраулардың жазбасы – барлығы дәлел ретінде қолданылуы мүмкін. Сталкинг ауыр қылмыс санатына енгізілген жоқ. Заң шығарушылардың айтуынша, бұл баптың басты мақсаты – жазалау емес, алдын алу. Мәжіліс депутаты Абзал Құспан да осы ұстанымды қолдайды. Оның пікірінше, азаматтарды бірден түрмеге қамау емес, заңсыз әрекеттің салдары бар екенін ұғындыру маңызды. Халықаралық тәжірибе де әртүрлі: кей елдерде сталкинг ауыр қылмыс саналса, кейбірінде алдын алу тетігі ретінде қарастырылады. Қазақстан осы жолды таңдады. Петропавлдағы сот үкімі жаңа заңның қағаз жүзінде қалмай, нақты іске аса бастағанын көрсетеді. Бұл – жәбірленушілер үшін үміт, ал әлеуетті құқықбұзушылар үшін ескерту. Сталкингке төзбеушілік – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Жеке шекараны сыйлау мәдениеті қалыптаспайынша, заңның өзі жеткіліксіз. Ал алғашқы сот үкімі осы бағыттағы маңызды бастама болып отыр.

А. ӘБУБӘКІР,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

АВТОКӨЛІКТЕР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ БҰЗУДА

Алматыда автокөліктердің экологиялық талаптарға сәйкестігін тексеру бойынша бақылау шаралары өтті. Тексерістерді «Eco Almaty» ЖШС Алматы қалалық полиция департаментімен бірлесіп, мегаполистің әртүрлі ауданында аспаптық өлшеулер арқылы жүргізді.

Бұл туралы қалалық Экология және қоршаған орта басқармасының өкілдері айтты. Саин мен Дулати көшелерінің қиылысында мамандар 30 автокөлікті тексерді. 16 көлікте рұқсат етілген экологиялық көрсеткіштің артуы тіркелді. Оның ішінде екі заңбұзушылық дизельді қозғалтқыш бар көліктерден, тағы 12-сі бензинмен жүретін автокөліктерден анықталды.

Қосымша тексеру Сүйінбай даңғылы мен Бекмаханов көшесінің қиылысында ұйымдастырылды. Мұнда 20 автокөлік тексерілді. Экологиялық нормативтердің артуы дизель отынымен жүретін 6 көліктен анықталды. Жалпы 50 автокөлік тексеріліп, заңбұзушылықтарға байланысты 22 әкімшілік хаттама толтырылды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

кодекстің 334-бабы 1-бөлігіне сәйкес, шығарындыларындағы ластаушы заттардың мөлшері немесе шу деңгейі белгіленген нормадан асатын автокөліктерді пайдалану жеке тұлғаларға 10 АЕК, ал заңды тұлғаларға 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеледі. Айта кетейік, автокөліктерді бақылау 2025 жылы 30 желтоқсанда бекітілген Алматы қаласының атмосфералық ауаны қорғау қағидалары аясында жүргізіліп жатыр. Құжат автокөлік құралдарын қосқанда, шығарындылар көздеріне экологиялық бақылауды күшейтуге және, әсіресе, қолайсыз метеорологиялық жағдайда ауаның ластануын азайтуға бағытталған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТЕКСЕРІС

400-ГЕ ЖУЫҚ МЕДИЦИНА ҰЙЫМЫ ЖАБЫЛДЫ

Қазақстанда 2025 жылы жүргізілген кешенді тексерулердің нәтижесінде 400-ге жуық денсаулық сақтау субъектісі қызметін тоқтатты. Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті жекеменшік медициналық ұйымдарға қатысты қадағалауды күшейтіп, ел көлемінде кең ауқымды тексерулер жүргізді. Соның нәтижесінде лицензиясыз жұмыс істеу, медициналық көмек көрсету стандарттарын өрескел бұзу және біліктілік талаптарына сай келмеу секілді жүйелі заң бұзушылықтар анықталды.



Тексеру барысында 500-ден астам әкімшілік жаза қолданылып, салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 70 млн теңгеден асты. Қадағалау тәжірибесінде алғаш рет медициналық ұйымдардың қызметін уақытша тоқтату, лицензиясыз қызмет көрсеткен ме-

кемелерді жабу және талаптарға сай келмеген медицина қызметкерлерін жұмыстан шеттетуге сияқты жедел шаралар іске асырылды. Бақылау, ең алдымен, жеке ем-шара кабинеттеріне, наркологиялық оңалту орталықтарына және стоматологиялық клиникаларға

бағытталды. Ел бойынша 1900-ден астам жеке рәсімдік кабинет анықталып, олардың 406-сы медициналық қызметті лицензиясыз көрсеткені белгілі болды. Тексеру мен түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 247 кабинет өз еркімен жұмысын тоқтатты. Жеке наркологиялық және оңалту орталықтарына қатысты 39 тексеру жүргізіліп, олардың 14-інде лицензияның мүлде болмағаны анықталды. Ал стоматологиялық қызмет көрсететін 313 клиниканың 143-і тексеруден кейін өз еркімен жабылды. Ең жиі тіркелген заң бұзушылықтардың қатарында лицензиясыз қызмет көрсету, фармацевтикалық қызмет қағидаларын сақтамау, медициналық стандарттарды өрескел бұзу, біліктілік талаптарына сай келмеу және тіркелмеген дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды қолдану бар. Министрлік 2026 жылдан бастап жекеменшік медициналық ұйымдарға бақылауды одан әрі күшейтуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, ТМККК және МӨМС аясында кешенді тексерулер жүргізу, лицензиялардың қолданылу мерзімін 5 жылмен шектеу, лицензиядан кейінгі бақылауды цифрландыру және жасанды интеллект элементтері бар тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу көзделген.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

Аспалы әйнек көпір туризмге көрік бермек

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «ASK Capital» және «Строй Индустрия» ЖШС өкілдерімен жұмыс кездесуін өткізіп, өңірдегі туристік салаға бағытталған инвестициялық жобалардың іске асырылуы барысын талқылады. Кездесу барысында инвесторлар екі жобаны таныстырды. Атап айтқанда, этно-туристік «Көшпенділер қаласы» кешенінің тұжырымдамасы және Кеген ауданындағы «Қара шатқал» туристік аймағында аспалы әйнек көпір салу жобасы ұсынылды.

«ASK Capital» ЖШС Алматы облысының туристік әлеуетін дамытуға және ішкі әрі шетелдік туристер үшін жаңа тартымды нысан қалыптастыруға бағытталған аспалы әйнек көпір жобасын таныстырды. Жобаның жалпы құны – 1,5 млрд теңге. Құрылыс кезеңінде 120 уақытша жұмыс орнын, ал нысан пайдалануға берілгеннен кейін 58 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланған. Жобаны іске асыру мерзімі – 2025-2026 жылдар. Толық іске қосылғаннан кейін нысан жылына 400-600 мың турист қабылдай алады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Жетісулықтар су тасқынының алдын алып жатыр

Жетісу облысында су тасқыны кезеңіне дайындық басталды. Атқарылған жұмыстар аясында су тасқынына қарсы 24 іс-шара жүзеге асырылды. Су тасқыны қауіпті учаскелерде 14 км су бұру арналары салынды және тазартылды, 3 км қорғаныш бөгеттері жөнделді, 11 км өзен арналарын және каналдарды механикалық тазалау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 13 км өзен арналары терендетіліп, жағалауы нығайтылды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 17 ауылдық елді мекенді су басу қаупі төмендетілді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Жаңа баспана кілті табысталды

Ақмола облысында 31 отбасы жаңа қонысқа кірді. Әлеуметтік осал санатқа жататын тұрғындарға жаңа жалдамалы пәтерлердің кілттері берілді.

Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаев Зеренді және Сандықтау аудандарынан шыққан толық емес отбасыларға, жетім балаларға және мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға 20 пәтердің кілтін табыстады. Ал Бурабай ауданында тағы 11 отбасына пәтер кілттерін облыс әкімінің орынбасары Алтынай Әміренова тапсырды.

«Пәтер кілттерін табыстау – жүйелі жұмыстың нәтижесі. Президенттің тапсырмалары әлеуметтік саясаттың басымдықтарын нақты айқындайды: бұл – мемлекет тарапынан ерекше қолдауды қажет ететін азаматтарға қамқорлық көрсету. Соңғы екі жылда әлеуметтік осал топтар санатындағы 5 мыңнан астам ақмолалық отбасы баспанамен қамтылды. Бүгінгі іс-шара – қазақстандықтардың өмір

сапасын арттыруға бағытталған Мемлекет басшысы саясатының нақты көрінісі», – деді Досұлан Айтбаев.

Жаңа үйлер тұрғын үйдің сапасы мен жайлылығына көйбөлетін заманауи талаптарды ескере отырып салынған. Пәтерлер кең өрі жарық, үлкен терезелері мен тұрғын аймақтардың ыңғайлы жоспарлануымен ерекшеленеді.

А.ТОҚАНОВ,
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



Жолдау – жолбасшымыз

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев ҚР Конституциясының жаңа жобасын жан-жақты талқылау үшін М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің профессор-оқытушы құрамымен кездесті.

Ербол Қарашөкеев Ата Заңның жаңа редакциясындағы тұжырымдамалық өзгерістердің мемлекеттің адамға бағдарланған сипатын күшейтуге, қазақстандық қоғамға тән өзекті құндылықтар мен қағидаларды айқындауға, сондай-ақ саяси институттардың тиімділігін арттыруға бағытталғанын атап өтті. Сонымен бірге Конституциялық реформаға енгізілген өзгерістердің жастардың болашағы үшін маңызды қадам екеніне тоқталып, студенттерге Ата Заңның әр бабы мен тармағын түсіндіруді тапсырды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

«Ten Qogam» көп мүмкіндік ұсынады

Қарағандыдағы Ten Qogam мүгедектікті әлеуметтік бейімдеу орталығында Qatqor Plus қоғамдық бірлестігі заманауи техникалық оңалту құралдарын пайдалану бойынша оқыту курсы өтті.

Қатысушылар қазіргі заманғы техникалық оңалту құралдарымен танысып, оларды күнделікті өмірде қалай қауіпсіз және тиімді пайдалану керектігін білді, жабдықпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын үйреніп, мамандарға сұрақ қойып, жеке кеңес алды.

Оқудың мақсаты – мүгедектігі бар адамдардың дербестігін, әлеуметтік белсенділігін және өмір сүру сапасын арттыру.

Т.ИБАШЕВА,
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ҚҰЛАҚАҒЫС

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялайды.

Биылғы байқаудың талаптары:

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, көпірі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі. Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдыретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламының күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен Біз!

Құрметті байқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:

Қайсенов Абылай Әзімханұлы.

* Жасы: 35-50 аралығында;

* Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.

* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған

/бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ІІМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы/.

* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медеуіт ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студенті. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.

* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді/.

* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге ыссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демеі барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпен/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

* Қриминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден

жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:

ҚОЛХАТ

Мен _____ «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастама-сымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурста жолдаған атты шығарманың авторлық құқық «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығармалды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы
Қосымша сұрақтарыңыз бен шығармаңызды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз!

Байланыс телефоны: 87011220940

ТАРАТУ

4. «Мир Trans KZ» ЖШС (БСН 240840000057) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 652 көшесі, 14 үй, 29 пәтер, тел. 8 702 375 91 67.

6. Рекламная Производственная Компания «Весна плюс» ЖШС (БСН 080640018751) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сейфуллин көшесі, 9 үй, 97 кеңсе.

7. «Soft alliance» ЖШС (БСН 180340016676) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Антон Чехов көшесі, 70 үй.

9. «Planet S.A - Branch of Kazakhstan» (Планет С.А- Қазақстандағы филиалы) (БСН 171241025446) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10 ғимарат, «Изумрудный квартал» БО, блок А, 3-қабат.

10. «iOne» ЖШС (БСН 211140012687) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100600, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Юрий Гагарин көшесі, 76 үй, 52 пәтер, тел. 8 700 600 80 60.

11. Заң газетінің 2026 жылғы 30 қаңтардағы №8 (3835) санында 3 нөмірмен жарияланған хабарландыру мынадай мәтінімен бірге: «IZUMI OIL» ЖШС (БСН 181040012932) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Негізі: 2026 ж. 26 қаңтар №1 хаттама бойынша. Шағымдар ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гагарин даңғылы, 83 үй, тұрғын емес жай мекенжайы бойынша жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел. 8 701 256 02 18.» жарамсыз деп есептелсін.

12. «ТОМИРИС ЕЕЕ» ЖШС (БСН 241240020290) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Б. Майлин көшесі, 2.

13. Ұйымдық-құқықтық нысанның өзгеруіне (компанияны қайта ұйымдастыру) байланысты «Березовая роща» пәтер иелерінің тұтыну кооперативі (ПКСК), (БСН 970340006337) өзінің таратылатыны хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 448 «А» үй.

15. «Сарим» ЖШС (БСН 100940004580) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-

ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, Абылайхан көшесі, тел. 8 705 888 71 34.

16. «Фаворит Снаб» ЖШС (БСН 100440011139) өз жұмысын тоқтататындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, М. Мәметова көшесі, 17/2 үй.

21. «Almaty-Truck» ЖШС (БСН 200240015195) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Нұр Әлем көшесі, 127/26 үй, тел. +7 778 111 1781.

22. «НАS GLOBAL COMPANY» ЖШС (БСН 210840003492) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Қуат ықшамауданы, Рахымбаев көшесі, 27 үй, 39 пәтер. Тел. +7 700 646 53 46.

23. «SAMIR MARKET» ЖШС (БСН 170940035187) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Тараз қаласы, Асқаров көшесі, 134, тел. 87027379365.

24. «Batyr Pharm» ЖШС (БСН 250440020148) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Ұлан ауылы, ПКСТ «ТАН-2030-Т» көшесі, 157 үй, индекс 04090, тел. 87082698312.

ӘРТҮРЛІ

3. «Авэнта» ЖШС (БСН 191140001199) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай даңғылы, 8 үй, н.п. 17.

18. «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.
Сауда-саттық 17.02.2026 жылы сағат 10:00-де Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Кокмайса ш.а., 12-үй, автотұрақ мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:
1-лот: TOYOTA / LAND CRUISER 200, маркалы автокөлік, 2016 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 4,6 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 18 880 000 теңге;
2-лот: BMW / X5 35i XDRIVE, маркалы автокөлік, 2016 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 3,0 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 13 767 000 теңге;
3-лот: HYUNDAI / ELANTRA, маркалы автокөлік, 2021 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,6 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 7 033 000 теңге;
Аталған мүлік Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Кокмайса шағынауданы, 12-үй, мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Манаш Қозыбаева көшесі, 10 үй.
Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.
Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Ала-тау ауданы, Алғабас 1/38, 58-пәтер, анықтама телефоны: +7 701 549 98 62, төлем реквизиттері: ИИК KZ376018861000388541, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKZKZXX.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(707)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе.

www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»

Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,

8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.

г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509

e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шымкент қалалық сот төрелігін жүзеге асыру және соттардың қызметін ұйымдастыру бойынша 2025 жылдың қорытындысы жөнінде баспасөз мәслихаты өтті. Оған қалалық соттың алқа төрағалары, үйлестіруші-судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен үйлестіруші-судьялары, ҚР Сот өкімшілігі Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы және БАҚ өкілдері қатысты.



БАҒДАР

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар үнемі жаңарып, мектептің әлеуметтік қызметінің маңызы артып келеді. Оқушылардың әлеуметтік мәселелері, отбасы институтындағы өзгерістер, психоэмоционалдық қиындықтардың көбеюі, цифрлық тәуекелдердің, соның ішінде кибербуллинг, интернет-қауіптер, ақпараттық ұланудың артуы әлеуметтік педагог мамандығына деген сұранысты күшейтті.

Әлеуметтік педагог тек қолдаушы маман емес, ол – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз ететін сарапшы, медиатор, профилактикалық жұмыстың ұйымдастырушысы, отбасы – мектеп – қоғам арасындағы байланысты біріктіретін негізгі буын.

Мектептегі әлеуметтік педагогке баланың құқықтарын қорғау және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктелген. Сондай-ақ оқушының құқық бұзушылықтан, кемсітуден, зорлық-зомбылықтан қорғалуын бақылау, қиын өмірлік жағдайда қалған балаларды анықтау, мемлекеттік органдармен бірлесе жұмыс жүргізу де әлеуметтік педагогтің қызырына кіреді.

Маман оқушылардың әлеуметтік жағдайын, бейімделу деңгейін, құрдастарымен қарым-қатынасын зерттеп, аналитикалық қорытынды жасайды. Ол үшін анкеталар алып, бақылау жүргізу, социометрия, интервью және онлайн сауалнамалар пайдаланылады.

Әлеуметтік педагог жұмысы мектеп пен отбасы арасында тиімді коммуникация орната білген жағдайда табысты болады. Осы ретте қиын жағдайдағы отбасылармен мақсатты жұмыс жүргізу де назардан тыс қалмауы керек. Ал мектептегі тәрбие жұмысының маңызды бөлігі ретінде буллинг пен кибербуллингтің алдын алу; құқық бұзушылықтың, келеңсіз мінез-құлқыққа жол бермеу, зиянды әдеттерге (темеке, алкоголь, интернетке тәуелділік) қарсы шаралар жүргізу; қауіп-қатер тобындағы балалармен жеке жұмыс жасау) – әлеуметтік педагогтердің негізгі қызметі.

Бұған қоса әлеуметтік педагог арнайы педагог, психолог және сынып жетекшілерімен бірлесе отырып ерекше білім беруді қажет ететін балаларға

қолайлы орта жасап, ата-анамен жұмыс жүргізеді, бейімдеу бағдарламасының орындалуына көмектеседі.

Оқушының жеке даму траекториясын қалыптастыруда да әлеуметтік педагогтің көмегі көп. Соған орай әр маман баланың әлеуетін ашуға бағытталған әлеуметтік жобалар мен іс-шараларды ұйымдастырады. Оқушылар арасындағы, оқушы мен мұғалім арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы дауларды бейбіт реттеу үшін әр әлеуметтік педагогте медиаторлық қабілет, дауды бейбіт бітіре алатындай білік болуы тиіс.

Осындай ауқымды жұмыстарды сәтті жүзеге асыру үшін әлеуметтік педагогтерге үнемі кәсіби құзыреттілігін арттырып, соның ішінде цифрлық сауаттылықты дамыту; медиативтік білім алу; бұлтты сервистерді (Google Workspace, Microsoft Teams) пайдалану; ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу; тәжірибе алмасу, шеберлік сабақтарын меңгеру бағытында ізденіс жасау маңызды.

Қазіргі мектептегі әлеуметтік педагог – білім беру жүйесіндегі маңызды стратегиялық тұлғаның бірі. Ол – оқушының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, оның құқықтарын қорғайтын, әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасайтын, цифрлық ортада бағдар беретін маман. Жаңа форматтағы әдістерді қолдану әлеуметтік педагогтің жұмысын тиімді, заманауи, нәтижелі етеді. Сондықтан бұл мамандықтың кәсіби мәртебесін арттыру, әдістемелік қолдауды күшейту және инновациялық технологияларды енгізу – білім беру жүйесінің дамуы үшін қажетті шарт.

Қарақоз ЖОРАЕВА, Алматы облысы «Көкқайнар ауылындағы орта мектеп» КММ әлеуметтік педагогі

ДАУДЫ МЕДИАЦИЯМЕН ШЕШУ МЕХАНИЗМІ БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАНЫЛУДА

Жиынды қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Б.Дүйсебеков ашты. Оның айтуынша, 2025 жылы соттарға 3350 адамға қатысты 2856 қылмыстық іс түскен. Алқамен 32 тұлғаға қатысты сот үкімдері жойылса, 91 адамға қатысты үкім өзгертілген. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты 56 тұлғаға қатысты 25 қылмыстық іс үкім шығарумен аяқталған. Нәтижесінде 34 адам темір торға қамалып, 9 адамға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. 11-і айыппұл төлесе, екеуі жазасын шартты түрде өтеуде. Салынған 189 млн теңге айыппұлдың бүгінгі күнге 180 млн-ы ортақ қазынаға түскен. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын санкциялау жөнінде қаралған 1377 өтінішхаттың 758-і қанағаттандырылған.

Қылмыстық істерде, бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда, көп айырмашылық байқалма-

са, азаматтық істер саны 25 пайызға дейін өсіпті. Түскен арыздар саны 60 мыңнан асады. Бұл туралы қалалық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Л.Тәкішева мәлім етті. Істердің 24 097-сіне байланысты шешім шығарылған. Көпшілігі шарттардан және отбасылық қатынастардан туындайтын даулар, олар жалпы көрсеткіштің 45,4 пайызын құрайды. Апелляциялық сатыда қаралған 1677 істің 243-інің шешімі жойылған және өзгертілген. Ал кассациялық сатыда 10 қаулы бұзылып, 6 қаулы өзгерген. Соттар дауды бейбіт жолмен шешу механизмдерін белсенді түрде қолдануда. Соның нәтижесінде 3692 іс татуласу рәсімдерін қолданумен аяқталған.

Өкімшілік істер бойынша бірінші сатыдағы сотқа түскен талап қоюлардың саны 1645, қалдық істер – 158, барлығы – 1803 іс. Оның 1584-і аяқталып, 497 іске қатысты шешім

шыққан. Сондай-ақ 148 іс тараптардың татуласуымен аяқталған. Бұл туралы өкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Г.Қыдырбаева баяндады.

Сот өкімшілігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы Б.Мейірханов бүгінде сот жүйесін цифрландыру бағытына көп көңіл бөлетінін атап өтті. Сотқа қатысушылар мен тараптарға «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы талап қоюлар мен құжаттарды беру, автоматтандырылған бөлу, электрондық істер мен хаттамалар (сот процестерін аудио, бейнетіркеу), істерді қашықтан қарау және эксауматқық қарау, сот істерімен онлайн танысу сияқты жұмыстар атқарылууда.

Жиын соңында алқа төрағалары мен департамент басшысы БАҚ өкілдерінің қойған сауалдарына жауап берді.

Ш.МЕКЕНБАЙҰЛЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ШКІР

«МИРАНДА ЕРЕЖЕСІ» АТА ЗАҢДА КӨРІНІС ТАПТЫ

Конституцияның жаңа жобасымен танысу барысында ел болашағының жарқын болуына ықпал ететін бірқатар маңызды нормалардың ұсынылғанына көз жеткіздік. Солардың бірі – «Миранда ережесіне» кеңірек тоқталғмыз келеді. Себебі бұл ереже азаматтар құқығының өділ қорғалуында айрықша маңызға ие. Олай дейтіміз, «Миранда ережесі» бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері күдіктіні немесе азаматты ұстаған кезде оның құқықтарын қамғауға алмай тұрып түсіндіруге міндетті.



Аталған ереже алғаш рет 1966 жылы АҚШ-та пайда болған, ал біздің елімізде қолданысқа енгеніне он жылдан асты. Бірақ бұл норма қылмыстық-процестік істерде ғана қолданылып келеді. Мысалы, полиция қызметкері ұстаған адамды Қылмыстық кодекстің қай бабының, қай тармағын бұзғанынан хабардар етіп, оның адвокат шақыруға құқылы екенін түсіндіреді. Сонымен қатар, ұсталудың дәл сол сәтте үнсіз қалуға болатынын, себебі сотта оның әрбір сөзі өзіне қарсы қолданылуы мүмкін екенін де ескертуі тиіс.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған адамға қатысты нормалар ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 131-бабымен қамтылған. Полиция ұстаған адамды «Миранда ережесінің» тәртібін сақтамай қамауға алған жағдайда, ұсталудың жауабы іске жарамсыз болады.

Күдіктінің негізсіз ұсталып, қамалуы заңға қайшы. Мұндай заңсыздыққа жол бермеуде осы ереженің маңызы зор. «Миранда ережесіне» сәйкес, қамауға алынған адам өзі қаламаса, тергеушіге жауап бермеуге құқылы. Сонымен қатар жақын туыстарына немесе жұбайына өзінің ұсталғаны туралы дер кезінде хабарлау мүмкіндігіне ие болады. Сондықтан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің заң талаптарына сай қорғалуын қамтамасыз етуде бұл ереженің Конституциямен бекітілуі құпталарлық.

Адам құқықтары мен бостандықтарының мүлтіксіз қорғалатынын, сондай-ақ олардың өмір сүру құқығы абсолютті екені және бұлар бір-бірінен ажырмайтыны жаңа нұсқада нақты жазылды. Әйелдер мен балалардың құқықта-

рын қорғауға айрықша мән беріліп, неке – ер мен әйелдің ерікті әрі тең құқықтық одағы ретінде белгіленді.

Халық талқысына ұсынылған жаңа мәтінде адамның шығармашылық бостандығы мен техника, ғылым, білім, инновация, цифрландыру мемлекеттің стратегиялық дамуының негізгі тетіктері ретінде қарастырылған.

Цифрландыру мен ғылым-білімді қолдау, инновациялық экономайе қалыптастыру, адами капиталдың сапасын арттыру елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар саналады. Бұл бағытта жоғары білім беру ұйымдары мен ғылыми мекемелердің жауапкершілігін арттырып, олардың ұлттық дамуға ролін күшейтері анық.

Осы тұрғыдан алғанда аталған факторлардың Конституцияда белгіленуі өлеңнің даму тенденциясына сай келеді. Себебі қазіргідей цифровизация, жасанды интеллект дәуірінде Қазақстан дамыған мемлекеттермен тең тұруы тиіс.

«Республикалық референдумның» «жалпыхалықтық референдум» деп өзгертілуі өз кезегінде халықтың ел басқару ісіне тікелей қатысу тетіктерін нығайтады.

Жаңа Конституция жобасының жариялануы халықтың мемлекет басқару ісіне белсенді қатысуына жол ашып қана қоймайды, сонымен бірге білім мен ғылымға, инновацияға негізделген мықты мемлекет құруға негіз қалайды.

Нұрайша ТЕМІРБОЛАТ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к

КЕСЕЛ

ЕСІРТКІ ЕЛДІ БҰЗАДЫ

Қазақстан Республикасында есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналдырылуына және тұтынуына қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл заттарды медициналық емес мақсатта тұтыну азаматтардың денсаулығына қауіп төндіріп қана қоймай, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке нұқсан келтіреді.

Өкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне сәйкес, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың сол тектестерін және күшті әсер ететін заттарды дәрігердің тағайындауынсыз, яғни медициналық емес мақсатта тұтыну өкімшілік құқықбұзушылық болып танылады. Әсіресе, мұндай әрекеттерді қоғамдық орындарда жасауға заңмен қатаң түрде тыйым салынған. Аталған құқық бұзушылық үшін кодексте өкімшілік жауапкершілік көзделген.

Атап айтқанда, құқық бұзушыға айыппұл салу немесе заңда белгіленген жағдайларда өкімшілік қамауға алу түріндегі жаза қолданылуы мүмкін. Егер бұл әрекет бір жыл ішінде қайталап жасалса, жаза мөлшері күшейтіледі. Бұл өкімшілік-құқықтық нормалардың негізгі мақсаты – нашакорлықтың алдын алу, азаматтардың денсаулығын қорғау және қоғамдағы құқықтық тәртіпті сақтау.

Атырау қаласының өкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының өндірісіне 2025 жылы ӘҚБтК-нің 440-1-бабы бойынша 263 өкімшілік іс түсті. Оның ішінде 257 іс қаралып, 3-і қысқартылып, 115 іс бойынша өкімшілік айыппұл тағайындалса, 139 іс бойынша өкімшілік қамақ жазасы берілген.

Осы санаттағы өкімшілік құқықбұзушылық істер саны 2025 жылы сот өндірісіне көп түсті. Бұл дегеніміз – қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірді,

яғни есірткі немесе психотроптық заттардың әсеріндегі адам өз әрекетін толық бақылауда ұстай алмайды. Оның салдары қоғамдық орындарда тәртіп бұзуға, жанжалға және өзге де құқыққа қарса әрекеттерге әкеліп соғуы мүмкін. Одан бөлек қоғамдық денсаулыққа, қылмыстың өсуіне және жастардың тәрбиесіне теріс әсерін тигізеді. Бұл ретте құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау мекемелері және бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуі маңызды.

Заң талаптары әрбір азаматты өз әрекетінің салдарын түсінуге және құқықтық жауапкершілікті сезінуге міндеттейді. Яғни есірткі және психотроптық заттарды тұтынудың құқықтық салдарын түсіндіру арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу көзделеді.

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, сондай-ақ күшті әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтыну – қоғамға кешенді түрде кері әсер ететін өкімшілік құқықбұзушылық. Сондықтан заң талаптарын сақтауға, өз денсаулығына және қоғам алдындағы жауапкершілігіне саналы түрде қарау әрбір азаматтың міндеті әрі құқықтық мемлекеттің берік негізі болып табылады.

Алтынай ОСПАНОВА, Атырау қаласы өкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты өкімшісінің бас маманы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Батыс Қазақстан облысы Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 6542 дана Апталық таралым 13084 дана Тапсырыс №18 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-төлемдер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31